

**"Қазақстан Республикасының
әкімшілік құқығы" пәні бойынша
ХҚФ, Халықаралық құқық бөлімінің
4 курс бакалавриаттарына
арналған қорытынды
емтихан бағдарламасы
Оқытушы – Апенев С.М.**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ
БАҚЫЛАУ**

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша. Емтихан жауаптарын балама түрде белгіленген оқытушы тексереді.

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

" Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы " пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- әкімшілік құқықтың практикалық сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қамтамасыз ету үшін Әкімшілік кодекстің ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін әкімшілік құқықтық ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- әкімшілік істер бойынша сот, арнайы органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

Емтихан өткізу ережелері.

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Жазбаша емтиханға жауапты дайындау уақыты екі сағат. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, СОӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.
Жауапты дайындау уақыты- 2 сағат.

Бағалау саясаты. Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

- 1 сұрақ - 33 балл
- 2 сұрақ - 33 балл
- 3 сұрақ -34 балл.

Емтиханды өткізу кестесі.

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан сұрақтары құрастырылған курс тақырыптарының тізімі:

1. Әкімшілік құқықтың түсінігін бере отырып оның өзіне ұқсас құқықтардан айырмашылық белгілерін көрсетіңіз.
2. Әкімшілік құқықтың пәні мен қылмыстық құқық пәнінің ұқсастығын және айырмашылығын көрсетіңіз.
3. Әкімшілік құқықтың өзге құқық салаларымен арақатынасын анықтай отырып, осы құқық саласының жеке құқық ретінде өмір сүру мүмкіндіктерін негіздеңіз.
4. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түсінігін беріп, олардың ерекшеліктерін анықтаңыз. Әкімшілік-құқықтық қатынастардағы заңды фактілер.
5. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың объектісі мен субъектісін анықтап оларға сипаттама беріңіз.
6. Әкімшілік-құқықтық нормалардың құрылымын анықтап, жауабыңызды заңнан мысалдар келтіре отырып негіздеңіз.
7. Әкімшілік-құқықтық нормалардың түрлерін анықтап, оларға заңнан мысалдар келтіре отырып жауабыңызды негіздеңіз.
8. Әкімшілік мәжбүрлеудің түсінігін беріп, оның белгілерін анықтаңыз.
9. Әкімшілік жауаптылықтың түсінігі және оның өзге құқықтық жауаптылықтардан айырмашылығы.
10. Әкімшілік жауаптылықтың негізі және оның сатыларының ерекшеліктерін анықтаңыз.

11. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінгін бере отырып, оның тәртіптік жауаптылықтан ажыратушы белгілерін анықтаңыз.
12. Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері, оның қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерімен ұқсас анықталу себебі неде?
13. Әкімшілік құқық бұзушылықпен қылмыстық құқық бұзушылықтың айырмашылықтары, ұқсас және ажыратушы белгілерін анықтаңыз.
14. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының түсінгі және неліктен құқықтың осы саласында жауаптылықты қолдану үшін құрамның болуы талап етіледі?
15. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының элементтерін атап, оның белгілеріне сипаттама беріңіз.
16. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектілерінің түрлерін анықтап заңнан олардың жауаптылығы белгіленген нормалардан мысал келтіріңіз.
17. Әкімшілік шаралардың түрлері және оларға сипаттама беріңіз.
18. Әкімшілік әсер ету шараларының түрлері және оларға сипаттама беру арқылы әкімшілік шаралардан айырмашылығын анықтаңыз.
19. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларының түрлерін анықтап, олардың процессуалдық сипатта болу себебін түсіндіріңіз.
20. Әкімшілік алдын-алу шаралары: жалпы, арнайы және процессуалдық. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік (пробациялық) бақылаудың сипаттамасын беріп және мерзімін анықтаңыз.

21. Әкімшілік алдын-алу бойынша процессуалдық шаралар: әкімшілік ұстау, жеке адамды тінту, көлікті тінту, алып келудің процессуалдық сипаттамасын анықтаңыз.
22. Әкімшілік жауаптылықтан босатудың түсінігін бере отырып, жауаптылықтан босатудың негіздеріне қылмыстық құқықтық түрлерімен салыстырмалы баға беріңіз.
23. Әкімшілік жауаптылықтан босатудың түрлерін анықтаңыз және оларға құқықтық талдау жасаңыз.
24. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың салаларының кейбіреулерін атай отырып, олардың, олардың қылмыстық құқықтық топтастырудан көп болу себебіне өз пікіріңізді білдіріңіз.
25. Атқарушы биліктің қызметі саласында заңдылықты қамтамасыз етудің маңызына өз бағаңызды беріңіз.

26. Атқарушы билік органдарының бақылау-қадағалау функцияларының деңгейін анықтап оның маңызын көрсетіңіз.
27. Бақылау және қадағалау ұғымдарының түсінігі және ара-қатынасы. Ведомстволық ішкі және сырттай бақылау, мақсаттылық, жоспарлық және бақылаудың басқа да түрлері. Уақытша және тұрақты қадағалау.
28. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге қатысушылар түрлерін атап, оларды қажетті критерийін қолдана отырып топтастырыңыз.
29. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің негізгі қатысушыларының құқықтары мен міндеттері анықтап, оларға міндеттер белгілеудің себебін көрсетіңіз.
30. Дәлелдеу түсінігі және оның элементтерін анықтап, ол элементтердің іштей байланысына өз бағаңызды беріңіз.
31. Әкімшілік істер бойынша дәлелдемелердің түсінігі мен түрлерін көрсетіп, олардың іс бойынша маңызын анықтаңыз.
32. Әкімшілік істер бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайларды анықтап, олардың дәлелдеуді қажет етпеу себебіне түсіндірме беріңіз.
33. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істерді жүргізуді қамтамасыз ету шараларына (алып келу, әкімшілік ұстау, жеткізу, қарау, заттар мен құжаттарды алу) түсінік беріп, аталған шаралардың істі жүргізуді қамтамасыз ететіндігіне дәлелдеме сипаттағы түсіндірме беріңіз.
34. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғаудың негіздері мен себептерін анықтап, олардың процессуалдық тәртібін көрсетіңіз.
35. Әкімшілік хаттама, оның әкімшілік істер бойынша маңызына тоқталып, хаттама мазмұнына қойылатын талаптарды атаңыз.
36. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау орны мен мерзімдерін анықтап, олардың сипаттамасын беріңіз.
37. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шағымдану құқығын пайдаланатын субъектілерді анықтап, шағымдану мерзімі мен тәртібіне сипаттама беріңіз.
38. Заңды күшіне енген шешімдерді қайта қараудың негіздерін анықтай отырып, олар бойынша қабылданатын шешімдер түрлерінің қабылдану негіздерін баяндаңыз.
39. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қабылданған қаулының күшіне енуінің процессуалдық тәртібіне сипаттама беріңіз.

40. Әкімшілік жауаптылықтан иммунитетті немесе жеңілдікті пайдаланатын адамдардың түрлерін анықтаңыз және олардың жауаптылығын қылмыстық құқықтық жауаптылығымен салыстырмалы түрде қарастырыңыз.
41. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мерзімдерінің түрлерін атай отырып, олардың басталу және аяқталу уақыттарын анықтаңыз.
42. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуді болдыртпайтын жағдайларды анықтап, оларды қылмыстық заңдағы түрлерімен салыстырыңыз.
43. Жалпы тәртіпте және кәметке толмағандарға қатысты әкімшілік істер қаралатын орынның түрлерін анықтап, оларға сипаттама беріңіз.
44. Әкімшілік істерді лауазымды адамдарға жүргізуге қарсылық білдіру (отвод) негіздері және ондай жағдайдың процессуалдық тәртібін анықтаңыз.
45. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға дайындық сатысында лауазымды адам арқылы қабылданатын шешімдерді анықтаңыз.
46. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мерзімдерін анықтай отырып, неліктен ұстау орын алған жағдайда 24 сағаттың ішінде қаралуы керек екендігін түсіндіріңіз.
47. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау тәртібіне сипаттама бере отырып, оның қандай органдарға қатысты екендігін көрсетіңіз.
48. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау нәтижесі бойынша қабылданатын шешімдердің түрлері және ондай шешімдерді шығарудың себептері туралы жауабыңызды білдіріңіз.
49. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау нәтижесінде үкім немесе қаулы немесе ұйғарым шығарыла ма, жауабыңызды негіздеңіз.
50. Әкімшілік істі қараған лауазымды адамның «жекеше ұсынуы» деген не және ондай ұсыныс қандай жағдайда беріледі?
51. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша апелляциялық шағым беруге құқығы бар адамдарды анықтап, оның процессуалдық тәртібін анықтаңыз.
52. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізудің негіздерін анықтап, оның процессуалдық тәртібін қылмыстық процессуалдық құқықтағы осындай ережемен салыстыра қарастырыңыз.

53. Жоғары тұрған органға әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енбеген қаулыларға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаларға шағым жасау, наразылық білдіру тәртібі.
54. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қараудың процессуалдық ережелеріне сипаттама беріңіз.
55. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерін жүргізетін органның (лауазымды адамның) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасаудың процессуалдық тәртібіне сипаттама беріңіз.
56. Апелляциялық өтінішхат негізінде судьяның өтінішхат бойынша сот шешімін қарауының тәртібі.
57. Әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот шешімдерін кассациялық тәртіпте қараудың негіздері мен мерзімдеріне құқықтық талдау беріңіз.
58. Әкімшілік істер бойынша кассациялық тәртіпте қарау нәтижесінде шығарылатын сот шешімдерінің түрлерін анықтай отырып, олардың кейбіреулеріне түсіндірме беріңіз.
59. Әкімшілік істер бойынша жаңадан ашылған мән-жайлардың түрлерін анықтай отырып, істі қайта бастаудың тәртібін баяндаңыз.
60. Әкімшілік құқықтағы ақтау (реабилитация) институты және ақталуға жататын жағдайларды анықтай отырып, келтірілген зияндарды қалпына келтірудің тәртібін түсіндіріңіз.

Әдебиеттер тізімі

Қызылов, М. А.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы [Текст] : оқу құралы (схемалар) / М. А. Қызылов, А. В. Карпекин. - Алматы : Жеті жарғы, 2002. - 464 б. : схемалар. - ISBN 5-7667-5098-6 : 770 т., 750 т., 1100 т.

ББК 67.401

Доп.точки доступа:

Карпекин, А.В.

Экземпляры всего: 70

[Баянов, Е.](#)

Әкімшілік құқық [Текст] : оқулық / Е. Баянов. - Алматы : [б. и.], 2007. - 408 б.
- ISBN 9965-14-669-1 : 2900 т., 1400 т., 1800 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 32

[Баянов, Е.](#)

Әкімшілік құқықтың схемалар бойынша анықтамалары [Текст] : оқу құралы / Е. Баянов. - Алматы : [с. п.], 2002. - 176 б. - ISBN 9965-14-154-1 : 900 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 2

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы [Текст] : қазақстан Республикасының Кодексі. - Алматы : Юрист, 2008. - 268 б. - 1200 т., 897 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 20

[Қызылов, М. А.](#)

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы [Текст] : оқулық / М.А. Қызылов. - Астана : Фолиант, 2009. - 504 б. - (Кәсіптік білім). - ISBN 9965-35-806-0 : 3020 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 15

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі [Текст]. - Алматы : Юрист, 2004. - 260 б. - 470 т.

ББК 67.4

Экземпляры всего: 20

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы [Текст] : қазақстан Республикасының Кодексі. - Алматы : Юрист, 2005. - 280 б. - 791 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 4

[Сейдеш, Б. Б.](#)

Әкімшілік құқық пәні бойынша дәрістер [Текст] / Б. Б. Сәйдеш. - Алматы : Дәнекер, 2004. - 140 б. - ISBN 9965-632-65-0 : 420 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 49

Сәйдеш, Б. Б.

Әкімшілік құқық пәні бойынша дәрістер [Текст] / Б. Б. Сәйдеш. - Астана : Дәнекер, 2005. - 113 б. - ISBN 9965-632-65-0 : 620 т.

ББК 67.401

Экземпляры всего: 2